Álıhan Bókeıhan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

# AQTOĜAI AJARY

Aqtoǵaı aýdandyq qoǵamdyq-saıası basylym

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№7 (7844)
Жұма
18 ақпан
2022 жыл

*Күшіміз – бірлікте!*

## Біздің бір ғана Отанымыз бар

Күні кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «QAZAQSTAN» ұлттық телеарнасына берген сұхбатын мұқият тыңдадым. Тәуелсіздікті сақтау, оны тұғырлы ету жолында тағылымды ойлар айтылды. Президент қоғамды алаңдатқан қасіретті қаңтар оқиғасының себептері мен салдары, алдағы саяси және әлеуметтік реформалар, Қазақстанның сыртқы саясаттағы негізгі серіктестерімен қарым-қатынастары туралы сауалдар бойынша ашық әрі тиянақты үн қатып, елдіктің жолында бірлік керек екенін баса айтты.

Сұхбатта Президент елдік мұраттарды әрдайым биік қоятынын айтып, салиқалы пікірін білдірді. Елдің келешегі туралы сөз сабақтаған Мемлекет басшысы халқымыздың талай «тар жол, тайғақ кешуді», қилы заманды басынан өткергенін, қиындықтың бәрін жеңген қайсар халқымыз кешегі қасіретті оқиға кезінде ауыз бірлігін көрсеткенін тілге тиек етті.

–Қазақстанның болашағы жарқын болатыны сөзсіз. Мен бұған кәміл сенемін. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Басқа Отанымыз жоқ. Болмайды да. Еліміздің Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Бұл – аксиома, ақиқат. Оны көздің қарашығындай сақтау – ортақ парызымыз. Ал, Егемен ел дегеніміз қандай ел? Бұл – әлемдік үдеріске бейімделген біртұтас халық. Дербестігін жалаң сөзбен, немесе ұранмен емес, нақты іспен дәлелдей білген ел, - деп атап өтті Мемлекет басшысы. Сонымен қатар, отандастарымызды «Егемендікті сақтап қаламыз ба?» деген күмәнді ойдан арылуға шақырды. Бұл турасында Қасым-Жомарт Кемелұлы:– Демек, «Егемендікті сақтап қаламыз ба?» деген күмәнді ой ешкімде болмауы керек. Ол қисынсыз тұжырым, қисынсыз сөз. Керісінше, әркайсымыз «Тәуелсіздігімізді қалай берек ұстап қаламыз?» деп ойлануға тиіспіз. Тілімізге келсек, оны да сақтап қаламыз. Басқаша болмайды, себебі, тарихымыздағы ең күрделі кезеңдерде тіліміз көзі ашық ағаларымыздың, қарапайым халқымыздың арқасында аман қалды. Дегенмен тіл реформасын жасауымыз керек. Мәселе латын графикасына жедел түрде көшу емес. Бұл мәселеге байыппен қараған жөн. Сараптама жасалуға тиіс. Қисынсыз нәрсенің пайдасы жоқ. Әсіресе тілге келгенде, асығыстық танытуға болмайды. Себебі бұл өте нәзік дүние, - деді.

Қиын кезеңде қатаң шаралар қабылдап, күрделі қадамдар жасауының себебін тарқата айтуын – көптің көкейінде жүрген сауалдарға жауап болды деп білемін. Президентіміз өзінің мықты дипломат екенін көрсетті. Әр сөзі салмақты, тұщымды болды. Қандай жағдай болмасын, парасатты шешім елімізді алға қарай жетелейді. Күшіміз - Бірлікте!

**Т.Мұнарбаев,**
**Кежек ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы.**

**15 ақпан – Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылған күні**

## Ер ерлігі – ел тірегі

Ақтоғай ауданы орталығындағы «Тарих - тағылымы» саябағында Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына орай митинг өтті. Ауған соғысы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ең ұзақ және ауқымды әскери қақтығыс болып есептеледі. Онда 620 мыңнан астам әскери қызметші борышын өтеп, 15 мыңнан астам офицер мен сарбаз ажал құшты. Ерен ерлік көрсеткен 92 баһадүр Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. 33 жыл бұрын, дәл осы күні әскерлеріміз интернационалдық әскери борышын адал атқарған отандастарымыз Отанына оралды. Жыл сайын 15 ақпанда Ауған жерінде қаза тапқан ерлерді еске аламыз.



Айтулы шара барысында аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов және бұл күні ауданымызға келген бокстан олимпиада чемпионы Б.Сәрсекбаев сөз сөйлеп, Ауғанстандағы соғыс пен қаза болған жауынгерлердің ерліктерін еске алды.

Митингтің ашылуында сөз сөйлеген аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов: -Жылдар жылжып, уақыт өтсе де, бұл соғыс халық санасында қайғы болып қатталып, қасірет болып жатталды. Бүгін біз майданнан аман-есен оралғандарға және де осы күнге дейін қайтыс болған жақындары үшін көз жасын төгіп келе жатқан аналар мен сарбаздардың жарларына құрметімізді көрсетеміз, бас иеміз. Олар өздеріне жүктелген міндетті орындай білді. Сондықтан, ерліктері ешқашанда ұмытылмайды. Барлықтарыңызға бейбіт аспан, тыныштық тілеймін, – деді.

Сондай-ақ, Ауғанстан соғысына қатысқан жауынгерлерге арналған ескерткіш мемориалына аудан әкімінің және қоғамдық ұйымдар атынан гүл шоқтары қойылды. Көпшілік қаза болған отандастарымызды бір минут үнсіздікпен еске алды.

**Думан ҚАБЫЛ**

*Халық үніне құлақ асатын мемлекет*

## Жүйелі жұмыс жемісін береді

***Жер-жерде әр деңгейдегі әкімдердің халық алдындағы есеп беру жиындары жалғасуда. Бұл үрдіс билік пен бұқараны жақындастырудың тиімді де тікелей жолы.***

Бұқара мен билік арасындағы кезекті сапар **Ортадересін** ауылдық округінен бастау алды. Келелі кеңесті аудан әкімінің орынбасары Қ.Қошантаев ашып, жүргізді.

Ауылдық округ әкімі С.Кркруов өзінің атқарған жұмысының жылдық есебін беріп, алдағы жұмыс жоспары жайлы ауыл халқына есеп берді. Ауылда ауыз толтырып айтарлықтай біраз жұмыстар жасалынған. Біраз уақыттан бері халық сұранысына ие болып жүрген әкімдік ғимаратына жөндеу жұмысы жүргізілген, заман талабына сай жылыту қазандығы орнатылған. Әкім есебіне сүйенер болсақ, округке қарасты 68 шаруа қожалығы, 2 ЖШС бар екен. Әр шаруа қожалығы уақыт талабына сай шаруашылыққа қажетті техникаларын, мал көбейту мақсатында несиелерін алып, шаруашылықтарын дөңгелетіп отырған жағдайлары бар. Ауылда үш кәсіпкер әлеуметтік бағда тауарларын сатып отырса, 2 азамат қайтарымсыз несие алып, жұмыстарын бастап жатыр екен.



Бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселе білім десек, орта мектеп толықтай кадрмен қамтылып, қызмет көрсетуде. Ауылға биылғы оқу жылында 4 жас маман «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша жұмысқа орналасқан. Есеп беру жиынында өткен жылғы көтерілген мәселелердің орындалысы тілге тиек етіліп, ауыл басшысының есебіне тұрғындар қанағаттанарлық деп баға берді.

**Шашубай** кенті әкімінің кент тұрғындарымен кездесуде кент әкімі Д.Серіков 2021 жылы атқарылған жұмыстары туралы есеп беріп, 2022 жылғы жұмыс жоспары туралы кент тұрғындарымен бөлісті. Келелі кеңеске аудан әкімі С.Әбеуова, аудан әкімінің орынбасары Қ.Қошантаев, аудандық мәслихат хатшысы Р.Әбеуов, аудандық «НұрОтан» партиясының бірінші орынбасары Т.Таукеев, облыстық мәслихаттың депутаты А.Түкбаева және тисті мекеме басшылары, қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кент әкімінің 2021 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасының орындалысы туралы есебі тыңдалды. Кент әкімі Д.Серіков Шашубай кенті бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижесін айта келе, 2022 жылы атқарылатын шараларға да тоқталды. Ақпардан соң кент тұрғындары Ш.Жукенова, Қ.Карабалиндер – Б.Ихамбаев, Ж.Ақбергенұлы және «Алтын», «Нарманбет» шағынаудандарының көшелерінде балалар ойын алаңы жоқ. Биыл орнатылады ма? Сол аудандарда суару жүйесі де жоқ. Суару жүйесі өткізіледі ме? Ауыз су резервуарын қалпына келтірудің екінші кезеңі қашан аяқталады деген сұрақтарын қойса, А.Амирханов,



А.Мұхаметжановалар: – Ж.Ақбергенов көшесіндегі 2 үй нашар жылытылады, көмірдің сапасы нашар, жалпы көмірге қосымша субсидия бөлінеді ме? Полиция ғимараты маңындағы Жағалау көшесіне асфальт төселеді ме? Біздің кентімізге қызмет көрсету бойынша «СуЖылуТранс» ЖШС-мен келісімшартқа отыру мүмкіндігі бар ма? Ж.Ақбергенұлы көшесіндегі 2 үйдің

**(Жалғасы 4-бетте.)**

Пресс-релиз

# Е.Оспанов әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру туралы баяндады

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ербол Оспанов ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру бойынша атқарылған жұмыстар және заманауи технологияларды пайдалану есебінен ҚР Еңбекминінің қызметтерінің сапасын жақсарту жоспарлары туралы айтты.

Вице-министр сөз басында 2021 жылы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – Еңбекмині) әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыру мақсатында оларды цифрландыру және трансформациялау бойынша үлкен жұмыс жүргізгенін хабарлады.

«Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік қызметтерді цифрландырудың басым бағыттарының бірі оларды электронды, әсіресе проактивті форматта көрсету болып табылады, онда мемлекет мемлекеттік деректер базасынан мәліметтер негізінде қызмет көрсету процесіне бастама жасайды. Бүгінгі күні әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтердің 45 түрі бар, 42 қызмет бойынша (93%) электрондық форматта алу мүмкіндігі бар, оның ішінде 21 қызмет бойынша (43%) проактивті. Жалпы, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің алдында 2025 жылға қарай барлық мемлекеттік қызметтердің 100%-ын электрондық форматқа, оның ішінде кемінде 60%-ын проактивті форматқа көшіру міндеті тұр», – деді Ербол Оспанов.

Вице-министрдің айтуынша, өткен жылы жүргізілген реинжиниринг және мемлекеттік қызмет көрсету процесін оңтайландыру олардың қамтылуын едәуір арттыруға мүмкіндік берді. Мысалы, бала туумен байланысты қызметтердің жалпы санынан 2021 жылдың екінші жартыжылдығында проактивті қызметтердің үлесі 12% - дан 53% - ға дейін немесе 440 мың туылған бала кезінде жылына шамамен 240 мың қызмет өсті.

«Біз 2025 жылға қарай проактивті форматта мемлекеттік қызметтер көрсету көлемін жылына 6 млн-ға дейін арттыруды жоспарлап отырмыз. Бұл дегеніміз, біздің азаматтарымыздың әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік қызметтерді алу үшін ХҚКО-ларға, әкімдіктерге, банктерге және басқа да инстанцияларға барудың қажеттілігі болмайды», – деп хабарлады Ербол Оспанов.

Ол сондай-ақ, азаматтарға ыңғайлы болу үшін Еңбекмині мемлекеттік қызмет көрсетудің кешенді форматына көшетінін атап өтті.

Вице-министр әлеуметтік-еңбек саласындағы қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында ведомство жүзеге асырып жатқан негізгі жобалар туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

Бірінші жоба – мүгедектікті сырттай белгілеу және мүгедектігі бар адамдарға қолдау көрсету.

«Бұрын денсаулығынан айырылған азаматтарға мүгедектік белгіленген кезде әртүрлі инстанцияларға жүгінуге тура келетін. Алдымен – тексеру үшін емханаға, содан кейін мүгедектікті анықтау үшін медициналық-әлеуметтік сараптама бөліміне.

2021 жылғы ақпанда ҰҚСК отырысында Президент мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін барынша қолайлы жағдай жасауды, олардың инстанциялар мен қағазбастылық бойынша жүруін, сондай-ақ Қызмет көрсетушілердің қызмет алушылармен байланысын болдырмауды тапсырды. Осы тапсырма шеңберінде Еңбекмині, Денсаулық сақтау және Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерімен бірлесіп, мүгедектікті белгілеу бойынша, кешенді қызмет көрсету бойынша жұмыс жүргізді. Бүгінгі күні пилоттық режимде медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізудің сырттай форматы бойынша жоба еліміздің барлық өңірлерінде іске қосылды. Өтініш беруші тұрғылықты жері бойынша емханаға ғана жүгінеді, қалған процестер Ақпараттық жүйелерді интеграциялау есебінен адамның қатысуынсыз өтеді», – деп хабарлады Ербол Оспанов.

Вице-министр сондай-ақ, 2022 жылғы 4 ақпандағы жағдай бойынша сырттай куәландыру бойынша барлығы 5,1 мың өтінім қаралғанын атап өтті. Ағымдағы жылы мүгедектігі бар адамдардың 20% - ын кешенді тәсілмен қамту жоспарланып отыр.

«Мүгедектік белгіленгеннен кейін азаматтар жыл сайын әкімдік жанындағы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне барып, техникалық құралдар (бұдан әрі – ОТҚ) мен оңалту қызметтерін алуға өтініш жазды. Содан кейін кейде бірнеше айға созылған Мемлекеттік сатып алу рәсімдері өткізілді. Азаматтар техникалық құралдар мен қызметтерді уақтылы ала алмады, сондай-ақ олардың сапасына әрдайым қанағаттанбады.

2021 жылы ОТҚ мен оңалту қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында мүгедек адамдар үшін әлеуметтік қызметтер порталы іске қосылды, ол азаматтарға олардың өнім берушісін өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді, ал мемлекет олардың құнын өтейді. Порталдың арқасында кезектілік процестері айқын болды, кейбір жағдайларда тауарлар мен қызметтерді ұсыну мерзімі алты айдан 2 аптаға дейін қысқарды», – деп толықтырды вице-министр.

Бұдан басқа, ОТҚ және әлеуметтік қызметтерді ресімдеу қызметтері кезең-кезеңімен проактивті форматта іске асырылады, яғни оңалтудың жеке бағдарламаларында (бұдан әрі – ОЖБ) көзделген барлық шаралар автоматты түрде әлеуметтік қызметтер порталына жіберіледі. Нәтижесінде 2021 жылы Портал арқылы 371 мыңнан астам қызмет көрсетілді және ОЖБ-ны орындау 2019 жылғы 62% - дан өткен жылы 88% - ға дейін өсті.

«Биыл біз порталда пилоттық режимде инватакси қызметін енгізуді жоспарлап отырмыз, бұл оның мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді», – деді Ербол Оспанов.

Екінші жоба ретінде вице-министр мемлекеттік қызметтерді көрсетудің эксаумақтық қағидатына көшуді атады, бұл азаматтарға тұрғылықты жеріне байланыссыз елдің кез келген ХҚКО-да мемлекеттік қызметтерді көрсетуге өтініш беруге мүмкіндік береді.

Мысалы, Алматы қаласында тұратын адам уақытша Нұр-Сұлтан қаласында тұрып, астаналық ХҚКО-лардың біріне жүгіне алады және өзіне тиесілі әлеуметтік төлемді алуға өтініш бере алады.

Бүгінгі күні эксаумақтық қағидат бойынша әлеуметтік-еңбек саласында 17 қызмет көрсетіледі. Жоба іске қосылған сәттен бастап 2021 жылғы шілдеден желтоқсанға дейін аумақтан тыс келіп түскен өтініштердің саны 22,6 мыңды құрады.

«Үшінші жоба – операциялық шығындарды азайту. Азаматтардың шоттарына әлеуметтік төлемдерді аудару үдерістерін оңтайландыру арқасында өткен жылдың 7 айында ғана мемлекеттік қаражатты үнемдеу шамамен 3 млрд теңгені құрады. Жалпы, бұл механизм мемлекетке жыл сайын операциялық шығындарды 6 млрд теңгеге дейін үнемдеуге мүмкіндік береді», – деді Ербол Оспанов.

Келесі маңызды жоба азаматтарға екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – ЕДБ) платформаларында мемлекеттік қызметтерді алу мүмкіндігін беру болып табылады.

«Өткен жылдың қазан айында Еңбекмині екі банкпен бірлесіп, олардың платформаларында бала туумен байланысты мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша сервистерді іске асырды. 2021 жылдың төртінші тоқсанында 16 мыңнан астам азамат ЕДБ мобильді қосымшалары арқылы қызмет алды. Әлеуметтік-еңбек саласындағы қызметтерді өздерінің мобильдік қосымшалары арқылы көрсетуге тағы бірнеше банк қызығушылық танытты. Біз барлығына ашықпыз және осы бағыттағы жұмысты жалғастыратын боламыз», – деді вице-министр.

Бесінші жоба – Цифрлық жұмыспен қамту орталықтарын құру.

«Біз үшін басты басымдықтардың бірі Цифрлық жұмыспен қамту орталықтарын енгізу арқылы халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік қызметтерді трансформациялау болды. 2020 жылғы қарашадан бастап халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметтерін Онлайн режимде көрсету бойынша пилоттық жоба кезең-кезеңімен іске қосылды. 2021 жылы онлайн-форматта жұмыс іздеп жүрген 149 мың адам немесе тіркелгендердің жалпы санының 33% - ы тіркелді, олардың 60% - ы онлайн жұмысқа орналастырылды», – деп хабарлады Ербол Оспанов.

Азаматтар Электрондық еңбек биржасының (бұдан әрі – ЭЕБ) порталында жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеле алады. Жүйе лайықты бос жұмыс орындарын ұсынады және егер адам белсенді жұмыс таппаса, оны жұмыссыздарға тіркейді. Осыдан кейін азамат субсидияланатын жұмыс орындарын таңдауға рұқсат алады, сондай-ақ егер ол әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болып табылса, оған жұмысынан айырылу бойынша төлем белсенді түрде тағайындалады.

«2022 жылы ЭЕБ арқылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің барлық белсенді шараларын онлайн-форматқа көшіру жалғасады. Осы өзгерістердің есебінен мемлекеттік Жұмыспен қамту қызметтерінің жұмысын тұтастай трансформациялау жоспарлануда», – деп түйіндеді Ербол Оспанов. Ол әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді трансформациялау және реинжиниринг бойынша жұмыс жалғастырылатынын атап өтті.

**Құрметпен, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі**

# Е.Оспанов проинформировал о цифровизации социально-трудовой сферы

Вице-министр труда и социальной защиты населения РК Ербол Оспанов на брифинге в Службе центральных коммуникаций при Президенте РК рассказал о проделанной работе по цифровизации социально-трудовой сферы и планах по улучшению качества услуг МТСЗН РК за счет использования современных технологий.

В начале своего выступления вице-министр сообщил, что в 2021 году Министерством труда и социальной защиты населения РК (далее – МТСЗН) проведена большая работа по цифровизации и трансформации государственных услуг в социально-трудовой сфере в целях повышения их доступности.

«Одним из приоритетных направлений цифровизации госуслуг в социально-трудовой сфере является их оказание в электронном, особенно проактивном формате, когда государство инициирует процесс оказания услуги на основания сведений из государственных баз данных. На сегодняшний день в социально-трудовой сфере имеется 45 видов государственных услуг, по 42 услугам (93%) есть возможность получения в электронном формате, в том числе по 21 услуге (43%) проактивно. В целом перед МТСЗН стоит задача к 2025 году перевести 100% всех госуслуг в электронный формат, в том числе не менее 60% в проактивный», – сказал Ербол Оспанов.

По словам вице-министра, проведенные в прошлом году реинжиниринг и оптимизация процесса оказания госуслуг позволили значительно повысить их охват. Так, например, из общего количества услуг, связанных с рождением ребенка, доля проактивных за второе полугодие 2021 года выросла с 12 % до 53% или порядка 240 тыс. услуг в год при 440 тыс. родившихся детей.

«Мы планируем увеличить объем оказания госуслуг в проактивном формате до 6 млн в год к 2025 году. Это значит, что у наших граждан не будет необходимости ходить в ЦОН-ы, акиматы, банки и другие инстанции для получения госуслуг в социально-трудовой сфере», – сообщил Ербол Оспанов.

Он также отметил, что для удобства граждан МТСЗН переходит к комплексному формату оказания госуслуг.

Вице-министр подробно рассказал об основных проектах, реализуемых ведомством в целях повышения качества и доступности услуг в социально-трудовой сфере.

Первый проект – заочное установление инвалидности и оказание мер поддержки лицам с инвалидностью.

«Раньше гражданам, потерявшим здоровье, при

(Жалғасы 3-бетте.)

(Соңы. Басы 2-бетте).

установлении инвалидности, приходилось обращаться в различные инстанции. Сначала – в поликлинику для обследования, потом – в отдел медико-социальной экспертизы для установления инвалидности.

В феврале 2021 года на заседании НСОД Президент поручил создать максимально благоприятные условия для людей с ограниченными возможностями, исключить их хождение по инстанциям и бумажную волокиту, а также контакт услугодателей с услугополучателями. В рамках данного поручения МТСЗН совместно с министерствами здравоохранения и цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности проведена работа по комплексному оказанию услуг по установлению инвалидности. На сегодняшний день в пилотном режиме проект по заочному формату проведения медико-социальной экспертизы запущен во всех регионах страны. Заявитель обращается только в поликлинику по месту жительства, остальные процессы проходят без участия человека за счет интеграции информационных систем», – проинформировал Ербол Оспанов.

Вице-министр также отметил, что по состоянию на 4 февраля 2022 года всего рассмотрено 5,1 тыс. заявок по заочному освидетельствованию. В текущем году комплексным подходом планируется охватить до 20% лиц с инвалидностью.

«После установления инвалидности граждане ежегодно ходили в отделы занятости и социальных программ при акимате и писали заявление на получение технических средств (далее – ТСР) и услуг реабилитации. Далее проводились процедуры госзакупок, которые иногда длились несколько месяцев. Граждане не могли своевременно получить техсредства и услуги, а также не всегда были удовлетворены их качеством.

В 2021 году в целях повышения качества и доступности ТСР и услуг реабилитации для лиц с инвалидностью был запущен Портал социальных услуг, который позволяет гражданам самостоятельно выбирать их поставщика, а государство возмещает их стоимость. Благодаря Порталу стали прозрачными процессы очередности, сократились сроки предоставления товаров и услуг в некоторых случаях с полугода до 2-х недель», – добавил вице-министр.

Кроме этого, услуги оформления ТСР и социальных услуг поэтапно реализовывается в проактивном формате, т.е. все меры, предусмотренные в индивидуальных программах реабилитации (далее – ИПР), автоматом направляются на Портал соцуслуг. В результате в 2021 году через Портал оказано более 371 тыс. услуг и исполнение ИПР выросло с 62% в 2019 году до 88% в прошлом году.

«В этом году мы планируем внедрить на Портале в пилотном режиме услугу инватакси, что позволит повысить ее доступность для лиц с инвалидностью», – сказал Ербол Оспанов.

Вторым проектом вице-министр назвал переход на экстерриториальный принцип оказания госуслуг, который позволяет гражданам подать заявление на оказание госуслуг в любом ЦОНе страны без привязки к месту жительства.

Например, человек, проживающий в городе Алматы, временно находясь в городе Нур-Султан, может обратиться в один из столичных ЦОНов и подать заявление на получение положенной ему социальной выплаты.

На сегодняшний день по экстерриториальному принципу оказывается 17 услуг в социально-трудовой сфере. С момента запуска проекта – с июля по декабрь 2021 года – количество поступивших экстерриториально заявлений составило 22,6 тыс.

«Третий проект – снижение операционных расходов. Благодаря проведенной оптимизации процессов зачисления соцвыплат на счета граждан только за 7 месяцев прошлого года экономия государственных средств составила порядка 3 млрд тенге. В целом этот механизм позволит государству ежегодно экономить до 6 млрд тенге операционных расходов», – сообщил Ербол Оспанов.

Следующим важным проектом является предоставление гражданам возможности получать госуслуги на платформах банков второго уровня (далее – БВУ).

«В октябре прошлого года МТСЗН совместно с двумя банками на их платформах реализованы сервисы по оказанию государственных услуг, связанных с рождением ребенка. Только за четвертый квартал 2021 года более 16 тыс. граждан получили услуги через мобильные приложения БВУ. Заинтересованность в оказании услуг социально-трудовой сферы через свои мобильные приложения дополнительно проявили еще несколько банков. Мы открыты для всех и будем продолжать работу в данном направлении», – сказал вице-министр.

Пятый проект – создание цифровых центров занятости.

«Одним из ключевых приоритетов для нас была трансформация госуслуг в сфере занятости населения посредством внедрения цифровых центров занятости. С ноября 2020 года поэтапно был запущен пилотный проект по оказанию услуг центров занятости населения в онлайн режиме. В 2021 году в онлайн-формате зарегистрировано 149 тыс. лиц, ищущих работу, или 33% от общего количества зарегистрированных, из них 60% граждан были трудоустроены онлайн», – проинформировал Ербол Оспанов.

Граждане могут зарегистрироваться в качестве лица, ищущего работу, на портале Электронной биржи труда (далее – ЭБТ). Система предложит подходящие вакансии и, если человек не найдет работу проактивно, зарегистрирует его безработным. После чего гражданин получит доступ к выбору субсидируемых рабочих мест, а также, если он является участником системы социального страхования, ему будет проактивно назначена выплата по потере работы.

«В 2022 году продолжится перевод в онлайн-формат оказания всех активных мер содействия занятости посредством ЭБТ. За счет этих изменений планируется трансформировать работу государственных служб занятости в целом», – заключил Ербол Оспанов, добавив, что работа по цифровизации социально-трудовой сферы, а также трансформации и реинжинирингу государственных услуг будет продолжена.

**С уважением, пресс-служба Министерства труда и социальной защиты населения РК**

*Қазақстан-2050: мемлекеттік қызмет*

# Мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органның қызметі

Мемлекеттік қызмет – қоғам тарапынан ерекше сеніммен берілген аманат. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің қоғам өкілдерімен тіл табысып, сұраныстарына уақытылы жауап беруі өзекті де әрі өткір мәселелердің бірі.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру бәрімізге ортақ міндет деп көрсеткен болатын.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органның алдында мемлекеттік органдарда бюрократияны болдырмау және мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру бойынша жұмыс жүргізу, сервистік және тұтынушыға бағытталған аппарат құру бойынша тапсырма жүктеді.

Бұл ретте, азаматтардың басым көпшілігі өз сауалдарына жауап алуды және мәселелерін шешуді мемлекеттік органдарға өтініш жолдау арқылы іске асыратындығы белгілі.

Алайда, көп жағдайда өтініштердің құзыретіне жатпайтын басқа мемлекеттік органдарға жолдануы орын алып жатады. Бұл мәселенің шешілу мерзімінің созылуына және мемлекеттік органдардың арасындағы артық құжат алмасу туындауына әкеп соғады.

2021 жылы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне келіп түскен өтініштерді саралайтын болсақ, түскен өтініштердің 45% басқа мемлекеттік органдарға құзыреттілігі бойынша жолданған. Осыған орай, бүгінгі күні мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органның құзыретін халыққа кеңінен насихаттау бойынша жұмыстар жүргізу басты назарға қойылды.

Ендігі кезекте, Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің құзыретіне кіретін сұрақтарға тоқталсақ.

Бекітілген Ережеге сәйкес Департамент өз құзыреті шеңберінде мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және мемлекеттік бақылау салаларында реттеушілік және бақылау функцияларын жүзеге асыратын Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің аумақтық органы болып табылады.

Департамент келесідей функцияларды жүзеге асырады: мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау, құзыреті шегінде мемлекеттік қызметшілерге және азаматтарға консультация беру, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға кандидаттарды және құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды тестілеуді ұйымдастыру.

Сонымен қатар, лауазымды адамдардың мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы, оның ішінде, қызметтік әдеп нормаларын бұзуы бойынша және де мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қарау, бақылауды жүзеге асыру, Агенттіктің Қарағанды облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің қызметін қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларының, персоналды басқару қызметтерінің және әдеп жөніндегі уәкілдерінің жұмысын үйлестіру (толық функциялар Ережеде көрсетілген).

Осы орайда, жоғарыда көрсетілген сұрақтар бойынша Департаментке өтініш жолдауға болады (мекен-жай: Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39, 2-қабат, сонымен қатар, электрондық түрде «Электрондық үкімет порталы» және «Е-өтініш» платформасы арқылы).

**Е.Мажитов,**
**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің бас маманы.**

# Елге қызмет – абыройлы міндет

Еліміздегі қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі екені мәлім.

Мемлекет тарапынан халыққа қолжетімді әрі сапалы мемлекеттік қызметтер көрсету үшін бірқатар реформалар сәтті жүзеге асырылды.

Атап айтатын болсақ, бұл саланың даму кезеңдерінің маңызды жетістіктерінің бірі мемлекеттік қызметтерді «Бір терезе» қағидаты бойынша көрсетуге арналған халыққа қызмет көрсету орталықтары желісінің құрылуы болды. Осыдан тура 15 жыл бұрын, 2007 жылы алғашқы Халыққа қызмет көрсету орталықтары ресми түрде ашылғанына баршамыз куәміз. 15 жыл бұрын халыққа қызмет көрсету орталықтарында тек 30-дан астам ғана мемлекеттік қызмет түрі көрсетілсе, бүгінде бұл көрсеткіш 667 қызметті құрайды. Олардың көпшілігі, яғни 651 мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрі онлайн форматта «Электрондық үкімет порталы» арқылы қолжетімді. Мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алу, сөзсіз, бірқатар артықшылықтарға ие. Ең алдымен, ол қызмет алу үшін үйден немесе жұмыс орнынан шықпай-ақ, уақытты үнемдей отырып, мемлекеттік қызметтерді алу мүмкіндігі.

Бұл жетістіктерге қарамастан, бүгінгі таңда әртүрлі ақпараттық жүйелер мен дерекқорларды интеграциялау арқылы бір өтініш қағидаты бойынша композиттік қызметтерді көрсетуге негізделген проактивті мемлекет тәсілдерін енгізу алдағы басым мақсат.

Яғни, мемлекет өз халқының қажеттіліктерін күні бұрын біліп, түсініп, олардың мекемелер мен ұйымдарға барып табалдырығын тоздыруды қажет етпейтіндей қызмет көрсетудің сервистік моделіне көшу жұмыстарын жүргізуде.

Мемлекет пен қоғам қатынасының «проактивті, «сервистік» және «азаматтардың сұраныстарына ден қойғыш» басқару нысанына көшу мемлекеттік органдар үшін негізгі мақсат екендігі баршамызға мәлім.

Бұл орайда мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласында кездесетін мәселелерді тиімді өзара ақылдаса отырып шешу үшін мемлекеттік аппарат пен халықтың арасында тікелей және кері байланыстың болуы ауадай қажет.

Сол себепті, қандай да бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде қиыншылықтар, «Электрондық үкімет порталы» жүйесінде ақаулар, қажетсіз және негізсіз артық рәсімдер кездесетін болса, оларды шешу жолдары мен оңтайландыру, барынша жеңілдету жөніндегі халық тарапынан ұсыныстарды талдауға мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган әрдайым дайын.

Сонымен қатар, қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет алу барысында әкімшілік кедергілер (мерзімін бұзу, артық құжаттар талап ету, төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол беру, т.б.) кездескен жағдайда бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру мақсатында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаментіне жүгінуді сұраймыз.

**Жүніс Жансерік Бұрханұлы,**
**Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысы бойынша Департаменті Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының басшысы.**

# Жүйелі жұмыс жемісін береді

(Жалғасы. Басы 1-бетте.)

артында түсініксіз құбыр жүргізілген, өйткені бұл құбырдан үнемі су ағып тұрады, қыста мұз пайда болады, жазда балшық пайда болады. Емделуге жолдама алу қиын, деген мәселелерді тілге тиек етті. Е.Сериков: – КСС (кәрізсу



сору станциясы) қашан орнатылады? Экологтардың жауабы қандай? «Береке» дүкенінің, емхананың және «Шашу» демалыс үйінің жанындағы кәріз желілері қашан жөнделетінін сұрады. Б.Опабекова, Д.Артықбаева неліктен церебральды сал ауруы бар баланы оңалтуға тегін жолдама алу қиынға соғады? Неге әлі күнге дейін тегін дәрі-дәрмек ала алмай отырғандығын айтты. Мінберге көтерілген кент тұрғыны Ф.Кукушова: – Ауыз су резервуарын қалпына келтіру жұмыстары қашан аяқталады? Кенттегі суару жүйесі қашан қалыпқа келеді? Шашубай кентін Балқаш қаласына беру мәселесі қандай деңгейде тұр? Тағы бір тұрақты автобус қосуға немесе қазіргі автобустарды сыйымдылығы 30-35 жолаушыға дейін көлемді автобустарға ауыстыруға бола ма? Бюджет қаражаты есебінен дәрі-дәрмектерді дәріханаға жеткізу мәселесі шешіле ме? Жауапты басшылардан «Шашубай алаңы» жалпы чатының Whatsapp мессенджеріне келіп түскен сұрақтарға уақытылы жауап беруді кент тұрғындары атынан сұрады. Сөз алған С.Кусаимов, А.Апеева, Б.Калиева, Қ.Тюльбаевалар мемлекеттік порталға қалай тіркелуге болады, бүгінгі уақытта ТЖ қызметі үйлерге тексеру жүргізеді ме, Ғарышкер көшесі №2 үй төбесінде орнатылған антена денсаулыққа зиян әкелетіндіктен, алып тастауды өтініш етіп жеткізді. Жиынды жүргізіп отырған аудан әкімі С.Әбеуова тұрғындар тарапынан түскен барлық ұсыныс-тілектерді ыждахаттылықпен тыңдап, кейбір сауалдарға сол жерде тиісті мекеме басшыларымен бірлесіп жауап беріп, айтылған ұсыныстардың шешуін табуға жұмыс жасайтынын айта келе, жиналған тұрғындарға еңбекте табыс, отбасыларына амандық тілеп, сөзін аяқтады.

Бұл күнгі есептік кездесу **Тасарал** ауылдық округінде жалғасты. Ауылдық округ әкімі Н.Сеитов өткен жылдағы атқарылған жұмыстарға есеп беріп, алдағы жоспарлармен бөлісті.



Ауыл басшысының есебінен мемлекеттік бағдарламалардың орындалысы, оның ішінде ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету, елді мекен көшелерін жарықтандыру, елді мекендерді абаттандыру аясында ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар жасалынған. Кәсіпкерлік, ветеринария, жұмыспен қамту, денсаулық, білім, жастар саясатында да ауылдағы жұмыстар жоспар бойынша рет-ретімен жүріп жатқандығын жиынға қатысқан көпшілік пікірінен ұғындық.

Ауыл халқы биылғы әкім сайлауында өздері қалап, қайта сайлаған әкімдері Нұржан Сәулебайұлының есебіне қанағаттанарлық деп, жоғары баға бергендігін түсіндік. Дегенмен, елді мекен болған соң, оның өзіндік мәселелері де болады. Жаңадан ашылған шаруа қожалықтарына тоқ тарту қашық әм қиын болғандықтан, күн көзінен қуат алатын панель алуға субсидия қарастырылса, пайдаланылмай отырған жерлер заң жүзінде қайтарылса, тұщы су қондырғысын тоқ күші көтермей, екі рет жанып кетті, ескірді. Ендігі кезекте жаңадан су қондырғысын алуға көмектессеңіздер, ауылда бала саны артып келеді, балабақша ашылса - деген ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

---

**Тораңғалық** ауылдық округінде биыл сайланған әкім Ардақ Боран ақпар жасап, атқарылған істер мен алдағы міндеттер жайлы халықты хабардар етті. Тораңғалық ауылдық округі – Ақтоғай ауданындағы әлеуметтік-экономикалық даму динамикасы тұрақты, ауыл шаруашылығы, туризм саласына бет бұрып отырған іргелі ауылдардың бірі. Мемлекеттік бағдарламалар негізінде біршама жұмыстар атқарылған. Атап айтар болсақ, елді-мекендердегі көшелерді жарықтандыру бойынша 1000,0 мың теңге бөлініп, толықтай елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету бойынша 1 459,0 мың теңге қаржыға ауыл іші мен ауыл аймағы, көл жағалауы және уақытша қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару орны толық тазартылды. Ауылда шағын футбол алаңы орнатылып, автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге де баса назар аударылып, жұмыс жүргізілген. Ауылдық округте шағын және орта бизнесті дамыту, бағаны тұрақтандыру жұмыстары да халық көңілінен шығуда. Осы жылы, яғни 2022 жылы көл жағасына тағы екі демалыс кешені салыну жоспарлануда.

Құрылыс, коммуналдық сала бойынша да ауылда жанды жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі уақытта аудандық «Ақтоғай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің балансына берілген. Алдағы уақытта құжаттары дайындалып, аукцион түрінде хабарлама беріліп, саЖалғасытылымға шығарылып, көп жылдан бері шешімін таппай жүрген иесіз үйлердің сұрағы толық, түбегейлі шешімін тапқанына халық алғыстарын жеткізді.



Атқарылған істен алда атқаратын жұмыс көп. Алдағы жылдың жоспарын бекіткен тораңғалықтықтар бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірлесіп жұмыс жасай беретіндіктеріне, елдің қамы үшін ауылдың түтіні түзу шығу үшін сөз алған Г.Түйтебаева, Ә.Бірлес, М.Шынақ, Г.Тоқтаубаевалардың қойған сауал, көтерген мәселелерінен ұғындық.

**Сарышаған.** Есептік кездесу 11 ақпан күні Сарышаған кентінде жалғасты. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Сарышаған кентіндегі атқарылып жатқан жұмыстар мен тапсырмалардың орындалысы туралы кент әкімі А.Тойымбеков ақпар жасады. Ақпардан соң тұрғындар Кентте тоқтың тариф құны 22 теңгені құрайды, ол халықтың қалтасына салмақ түсіруде, арзандату жағы қарастырылса, ҚТҚ төгетін техника сатып алынуын сұрады. Сондай-ақ, кенттегі мектеп пен балабақша сыйымдылығы жетпейді, жаңадан балабақша құрылысын



Е.Сейлбек, А.Аргинова, А.Адилсейтов, Ш.Мухашев, Н.Ибрагимов, Д.Жалмағанбетов, М.Смагулова, Т.Оспанов, Г.Жантелова, А.Шокпарова, Р.Зарубекова, Г.Жазыков, Б.Тулеубеков, С.Медиев, А.Садыровалар: – Балалардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін қосымша үйірмелер ұйымдастыруға ЖОББ мектептің спорт залын жалға алуға аудандық білім бөлімінен рұқсат берілсе, кент кәсіпкерлеріне тоқсандық, жылдық есепті қалай тапсыруды және қандай мемлекеттік бағдарламалар бар екенін тиісті мамандар үйретсе, «Айгөлек» балабақша бөбекжайы қызметтерінің тарифі 12 000 теңгені құрайды. Басқа ауылдық округтермен салыстырғанда әлдеқайда қымбат, ауылдық жерде тұрғанымыз үшін қандай да бір жеңілдіктер бар ма? Жаз айларында көппәтерлі үйлердің 5 қабатына су көтерілмейді, насос қойылса, ҚТҚ төгетін полигон орны ашылып және қоқыс шығаруды аптасына 2 рет ұйымдастырса деген ұсыныстар айтылды.

салуды жоспарға қойса деген пікір де айтылды. ФОК құрылысы мәселесі, көше жарықтары мен жол белгілері де халық сұранысын туындатты. 2022 жылы Аудандық ТҮКШ бөлімінің басшысына берілген тізімге сәйкес су сору станциясына, кәріз су сору станциясына қажет құрылғылар алынып берілсе. Кентте 3 тұщы су контейнерлері бар, олардың техникалық қызмет көрсетуін кім бақылайды және кім жүргізеді деген сауалдар туындады. Сарышаған-Приозерск арасында қоғамдық көлік жүргізілсе деген ұсыныстар айтылды. Үш сағатқа созылған есептік кездесуде кент тұрғындары өздерін мазалайтын көкейдегі біраз сұрақтарды қойды.

Тиісті мекеме басшылары келелі кеңеске қатысқандықтан, кейбір мәселелер сол жерде шешімін тапса, күрделі сауалдар басшылық назарына алынды. Алдағы уақытта шешімі қарастырылмақ. Сонымен қатар, жиын соңында аудан әкімі С.Әбеуова кент тұрғындарымен жеке қабылдау өткізді.

(Жалғасы 4-бетте.)

(Соңы. Басы 1-3 беттерде.)

Осындай маңызды жиын **Қараменде би** ауылдық округінде өтті. Жергілікті халық алдында ауылдық округ әкімі Қ.Азиров атқарылған істер мен алдағы жоспарларға кеңінен талдау жасай келе, округте бүгінде 435 тұрғын тұрып



жатқандығын, 38 шаруа қожалығы еңбек етіп, кәсіпкерлік кеңінен қанат жайғандығын тілге тиек етті.

Ауыл әкімі Қ.Азиров әкімшілік ғимаратының сыртын қаптау, Қуаныш ауылының паркін жаңарту, Ақтас елді мекенінің кіре берісіне арка орнату жұмыстары қолға алынатындығын айтты. Кәсіпкерлікті дамыту мақсатында өз ісін ашуға бел буғандарға, үкіметтік бағдарламалар шеңберінде барынша көмек берілетіндігін де сөз етті.

Өзкезегіндеауылтұрғындарыатқарылып жатқан істерге ризашылықтарын білдіріп, ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Ауылдық қоғамдастық кеңесінің төрағасы Е.Мұңайтпасов, ауыл тұрғындары М.Мұхтаров, Қ.Игенбеков мал қорымының керектігін, жол мәселесі сынды бірқатар түйінді түйткілдерді алға тартты. Жиынға қатысқан аудан әкімі С.Әбеуова тұрғындардың кейбір сауалдарына нақты жауап беріп отырды.

---

**Сейсенбі күні Нұркен ауылдық округінің әкімі Ж.Құбайбергенов ауыл тұрғындары алдында жылдағы үрдіс бойынша 2021 жылы атқарылған жұмыстар, 2022 жылы**



**округтің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде және алда тұрған міндеттер жөнінде өз есебін берді. Өткен есепті жыл ішінде ауылдың әлеуметтік, экономикалық даму көрсеткіштерімен танысқан ауыл тұрғындары өздерін толғандырған сауалдарын ортаға салып, бірқатар мәселелер көтерді. Жиын соңында ауылдық қоғамдастық кеңесінің төрағасы М.Шоханов ауыл әкімінің атқарған жұмыстарын айта келіп, әкім есебіне қанағаттанатындығын білдірді.**

---

Бұл күні **Сарытерек** ауылдық округінің әкімі Қ.Серкебаев елді-мекен тұрғындарымен кездесіп, атқарылған жұмыстар жайында сөз етті. Ауылдық округ әкімі баяндамасында айтып өткендей өткен қоғамдық жұмысқа 11



адам қамтылып, 1 жұмыссыз адам «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының бірінші бағыты бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқу курсынан өткен. Сарытерек ауылына 250 кВт – тық КТПН және 18 бағанымен 200 Вт диотты көше шамдары орнатылған. Сонымен бірге ауыл азаматтарының көмегі арқылы, бұрынғы жылдары орнатылған қазіргі уақытта істен шыққан күн нұры шамдарын біркелкі Ақшкол көшесінің жол бойына орнатып, 11 дана көше шамдары орнатылыпты. «Жеңіс» саябағының жанынан балаларға арналған ойын алаңы орнатылып жұмыстар толығымен аяқталған.

–2021 жылға жоспарлан-ған салық түсімдері толық орындалды. Округ бойынша 42 жеке кәсіпкер және 68 шаруа қожалығы жұмыс жасайды. 12 шаруа қожалығы асыл тұқымдық түрлендіру бағытындағы жұмыстарын жалғастыруда. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2022 жылдарға арналған» бағдарламасына сәйкес «Бизнес бастау» курсын тәмамдаған, жұмыссыз азаматша Л.Жакупова 4 млн.теңге, жеке кәсіпкер А.Токтаева 3 млн 500 мың теңге, А.Дәуренбек 6 млн теңге, «Жаухар» шаруа қожалығының жетекшісі Е.Саттарбек 6 млн теңге «Игілік» бағдарламасы бойынша несие алды, - деп сөз сабақтаған ауыл басшысы округ бойынша өткен жылы атқарылған жұмыстарды әр сала бойынша егжей-тегжей баяндады.

Кездесу соңында тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға тұщымды жауаптар қайтарылды.

---

Өткен жылдың жұмыстарын қорытындылаған ауыл әкімінің тұрғындармен есептік кездесуі **Кежек** ауылдық округінде жалғасты. Басқосуда ауылдық округ әкімі М.Мәкенбаев жалпы ауылда жасалған жұмыстарды саралай келе, алда тұрған негізгі келешекке



межеленген міндеттердің де жайы қамтылған баяндамасын халық назарына ұсынды.

–Аудан әкімінің ауыл әкімдеріне берген тапсырмасын басшылыққа ала отырып, жұмыстар жасалды. Ауылдағы мал басы жүз пайыз бірдейленіп, компьютерлік дерекқорға енгізілген. Ауылдық округ бойынша орта мектеп, клуб үйі, кітапхана, фельдшерлік пункт, пошта және учаскелік полиция халыққа қызмет көрсетіп отыр. Бүгінгі күні жалпы ауылда 36 шаруа қожалығы және 2 ЖШС тіркелген. Ірі қара малының өнімділігін, еттік бағыттағы әлеуеттілігін арттыру мақсатында 5 шаруа қожалығы асыл тұқымды аталық бас әкеліп, асылдандыру жұмыстарын жүргізуде. Ауылымыздағы «Бейбітшілік», «Бейбіт» шаруа қожалығы 2 шөп баулағыш, «Ерулан» шаруа қожалығы көп салалы жүк тиегіш, және «Саяхат» шаруа қожалығы шөп шалғы сатып алды. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту «Еңбек» бағдарламасы бойынша «Ерулан» шаруа қожалығы 4 млн теңге несие алды. «Globol Beef Productst» ЖШС «Аграрлық несие корпорациясынан» «Кең дала» бағдарламасы бойынша 26 млн 261 мың теңге несие рәсімдеп, көктемгі дала жұмыстарын жүргізді. Ал егін шаруашылығына келсек, өткен жылы егілген егіс көлемі 380 гектар. Ауылда телефон байланысы тұрақты жұмыс жасап тұр. «Билайн» ұялы байланысы, вай-фай желісі арқылы таратылатын талшықты оптикалық интернет қалыпты жұмыс жасап тұр,-деген ауыл басшысы алдағы уақытта атқарылар жұмыстарға да тоқталып өтті. Әкім баяндамысында айтып өткендей «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша ауыз су мәселесі оң шешімін тапқан.

Жиын соңында аудан әкімі С.Әбеуова атқарылған жұмыстар ауқымды, алайда алдағы міндеттердің одан да басым екендігін атап өтті.

---

**Сонымен қоса әкімнің кезекті есеп беру жиыны Жидебай ауылдық округінде де өтті. Кездесуді аудан әкімі ашып, Жидебай ауылдық округінің әкімі М.Төлепбеков өткен жылы жасалған жұмыстары мен жеткен жетістіктері туралы баяндады. Ауылда бұрынғы жылдарға қарағанда ілгері жылжыған шаруалар көп. Сондықтан халық келешекке сеніммен қарайды. Бұрынғыдан төрт түлік мал басының саны өскен.**

**Баяндама тыңдалған соң сөз алған ауыл тұрғыны И.Алтынбеков: – Ауылымызда ауқымды жұмыстар атқарылып жатқаның өздеріңіз білесіздер. Өз ісін ашамыз деген жастарымыз шағын несие, аудан, облыс әкімінің гранттарын алып**



**кәсіптерін ашып жатыр. Ауылымызда мал өнімділігін арттыруда төрт түлігін асылдандырып, үкімет ұсынған тиімді бағдарламалар арқасында техникаларын жаңалап жатқан шаруаларымыз да бар. Мұның бәрі ауылымыздың ілгері қадам басуының көрінісі екені даусыз. Өткен жылдың қортындыларын таразылай отырып, алдағы атқарылатын жұмыстардың бағыт-бағдарын бағамдаған М.Төлеубековтің есебін қанағаттанарлық деп баға беремін – деді.**

**Әрмен қарай ауыл тұрғындары Р.Әтембеков, Р.Әлиакпар ауылдық округтегі мал басының өскендігіне байланысты елді мекендегі төрт түлікке жердің аздығын, өзен арнасын қалпына келтіру, денсаулық мәселесі, Үшарал, Жалаңаш елді мекендеріндегі ауыз су мәселесі шешімін тапса деген ұсыныстарын тілге тиек етті.**

**Жиынды қортындылаған аудан әкімі С.Әбеуова ауыл тұрғындарының ұсыныс-тілектері ескерілетінін жеткізді.**

**Материалдарды дайындағандар: Г.Елеусізова, Д.Қабыл.**

*Еңбегімен еңселі*

# ЖАҚСЫЛАР ЖАҚСЫМЫН ДЕП АЙТА АЛМАЙДЫ...

Бал дәуренді балалық шақта бәрін көріп білуге құлшынасың, ер жеткенде көкірек көзіңмен қабылдағандарыңды санаңда сараптап, түйсігіңмен екшелеп түгендейсің. Егделей келе сараңдық деген кесапат пайда болып, қолыңды ғана байлап қоймай, ойыңды да жаулай бастайды. Мен ғана жақсымын деп масаттанасың. Жаныңда жүргендердің бәрінің сенен де жақсы екенін бағалай бермейсің. Өйткені, көлеңкең болып қасыңнан екі елі қалмайтын өзімшілдік деген бақталасың бой бермейді. Бір көтеріліп, бір түсіп, бір шалқайып, бір еңкейіп арпалысумен жүріп қартайғаныңда жан жақындарыңның қадіріне жете алмағаныңа өкінесің. Сөйтіп, өзіңнің қадірлі шал болғаның жаны жайсаң жақсылардың арқасында екендігіне тәуба келтіруге мәжбүр боласың. Жақсының жақсылығын айтып жеткізу әр пенденің көңіл нұрын тасытатын амалдың бірі екендігін парыз санайсың. Өмір деген көш-керуеннің қызығы мен қиыншылығында қасымда бірге жүрген дос-жолдастардың бәрінің есімі қымбат. Алайда, ес білгеннен Кенелінің көк шалғынына бірге аунап, Түлкілінің көк мұзында бірге сырғанап, бірінші класқа бірге барып, сегіз жыл бойы ең алдыңғы партада қатар отырып, қорғаушым да, қолдаушым да болған, ақылы таусылмастай түрлаулы, ашуы қатты адуын, қолы ашық, жаны жомарт Қайырқұлды аузыма алсам Аққойтас пен Қарақойтастың тау-тасы жарыса жаңғырып тұрғандай сезіледі.

Біз оқыған Жамбылдың бастауыш мектебі ауылдан сәл шалғайлау жерде орналасқандықтан қыстың қалың омбы қарын Қайырқұл бірінші бұзып із салып, үнемі жол бастайтын. Мен үшін сол жолбасшылығының мектеп қабырғасында ғана емес, өмір бойына жалғасқанына куәгермін. Қайрекең сабақты жақсы оқыды. Ауыл мектебіндегі интернаттың тектісінің де, тентегінің де көш басынан табылды. Оқушылар арасындағы күресте жан шақ келтірмейтін балуан болды. Сондағы бастан өткен көп аусарлықтың бірін айтсам деймін. Ауданда 8-ші класста оқып жүргенде дымқыл болып қоймаға өтпей, колхозға қайтарылған жүннің үстіне ұрланып мініп шөпші ауылға барып, елге көрінуге ұялып, түнімен престелген жүннің арасында тығылып жатып, сабақтан қалып, ертеңінде аштан-аш қайтып оралғандығымыз туған ауылға деген аңсау мен сағыныштың салдары болар. Бес жыл сұрапыл соғыста жаумен шайқасып жүріп, бір қолын снарядтың жарықшағына беріп, майданнан жараланып оралған әкесі Үйсімбай ақсақалдың артында «таза Жамбыл былай шық» деген ұранды сөз қалдырып, құтты қонысы болған Жамбыл ауылының тұсынан басқа таудың қасқырын да жүргізбейтін бет қаратпас өршіл, намысқа берік елшіл азамат болғандығы аңыз болып айтылып қалған.



«Әкеге тартып ұл туса екен, әке жолын қуса екен» дейтіндей қайырымдылығы мен жанашырлығы, өзінің бас пайдасы үшін дүние қумайтын тәубашылдығы, тура сөзден таймайтын мінезінің табандылығы Қайырқұлға дарыған десек, ал әкелі-баланың бет-келбетінің аузынан түскендей аумайтындығы таң қаларлық құбылыс. Калинин мектебінде жетінші класта оқып жүргенде Қайырқұл мектеп жанынан құрылған тауық фермасының меңгерушісі, ал мен орынбасары болып, жәшік-жәшік жұмыртқа мен жүзден аса тауықты шық-шығасын шығармай, сабақ біткенде колхозға тапсырып кеткен едік. Қайырқұл 9-шы, 10-шы класты оқығанда бүкіл республиканы жаңғыртқан мектеп жанынан құрылған «Қызыларай кіші фермасының» жұмысына да белсене араласыпты. Сол мектеп қабырғасында басталған бала көңіл қоғамдық жұмыстарға ынтамыз тереңдей түсіп, мен «НұрОтан», ал Қайрекең «Ақжол» партиясының аудандық филиалында жауапты тапсырмаларды жанталаса атқарып жүргенде үкіметшіл идеяларымыздың тоғыспайтын қарама-қайшылықтарына да тап болғанымыз бар. Балқаштағы семинарға бара жатып, жол үстіндегі бой бермес пікірталастың қызуымен бет жыртысып қалып, Сәкітайдың сауғасына әрең тоқтасақ та бір жыл бойы қол беріп амандасудың орнына алыстан бас изесумен жүрдік. Аудандағы партиялық жүктеме мен қоғамдық қозғалыстың қайшылығынан қиыспас екі достың сиыспас араздыққа түсуі замандастар ортасында біраз әзілге де арқау болған еді. Сөздері өте қысқа, уытты, көздеген жеріне дөп тиіп, күйдіріп түсіретін Қайырқұлдың аудандық мәслихаттың депутаты болып ел аманатын арқалап жүріп әділдік үшін биліктегілерді тура жолдан ауытқымауға шақырған сан мәрте ұсыныстары да жұртшылыққа жұбаныш болған. Ал, аудандық сайлау комиссиясының төрағалығына сенім артылғанда сайлау жүйесіндегі бұрмалаушылықтарға қасарысып табандылық танытуы да турашыл мінезділігі. Тіпті, халық заседательдерінің қатарында жүріп, аудандық соттың міндетін де бірнеше дүркін уақытша атқарып, сондағы тәжірибенің арқасында Ақтоғай аудандық сотының жанынан құрылған Алқабилердің төрағасы болып күні бүгінге дейін қоғамдық жұмыстан қолы босамай жүргендігі жүктелген сенімнің бағасы. Тұтыну қоғамының мойын бұрғызбас шаруасынан халық театрына уақыт тауып қатысып, республикалық байқаудың лауреаты болғандығы өз алдына тарқатылар бір тарау. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де Ардагерлер ансамблінің қатарын толықтырып, ақсақалдықтың өнегесін көрсетуде. Жарты ғасырдан астам уақыт аудандық тұтыну қоғамында жүргізушіден бастап, төраға орынбасарына дейінгі міндеттерді жауапкершілікпен өткерген Қайрекеңнің қызметтік сатыдағы жетістіктері де жетерлік. Таусылмайтын талас, тарқамайтын базар, бітпейтін дау мен бет қаратпас бедел осының бәрі тұтыну қоғамының қазанында үзіліссіз қайнап жататын үйреншікті құбылыс. Сол тұтыну қоғамының генераторы деп бағаланған алпысқа тарта автотранспортты біріктірген автоколонналы бір қолдан өргізіп, бір ауыз сөзбен ұйытып, аға буын жүргізушілермен де жастармен де ортақ бәтуалы тіл табысып, сыйластықпен 20 жылдай жұмыс жасаған Қайырқұл екендігі жалпақ жұртқа мәлім. Колоннаның ырғақты жұмысы Балқаш пен Қарағандыдан жүк тасу болғанымен сонау Жезқазғаннан дөңгелектің үстімен тауар жеткізудің ауыртпалығын Ақтоғайдан басқа бірде-бір аудан басынан өткерген жоқ. Мекемеден абырой, жұртшылықтан алғыс алып жүрген Қайырқұлды аудандық партия комитеті жаңадан пайдалануға берілген Нан зауытының басшылығына ауыстырды. Ежелден техника жаңалықтарына құштар Қайрекең күніне жеті тонна нан пісіретін жаңа зауыттың технологиялық тәсілдерін тез меңгеріп, ұршықша үйіріп әкетті. Зауыттың тіл үйіретін дәмді нан тағамдары кеңшарларға да транспортпен тасымалданып жеткізіліп, жеті жылдай аудан халқының ортақ игілігіне айналды. Нан зауытының ішінен лимонад шығаратын, макарон өндіретін цехтарды да ашқызды. Осылайша 53 жыл бойы көз тұндырарлық дүниеқұмарлыққа қызықпаған Қайырқұл қызметте абырой арқалап, қанына сіңген қарапайым тұрмысын місе тұтып, сонау 1926 жылы Бірыңғай Тұтыну Қоғамының (ЕПО) негізінде ауыл шаруашылығы кооперативі болып құрылған Ақтоғай аудандық тұтыну қоғамының қасиетті қара жұртынан құрылған «Ақтоғай селолық тұтыну кооперативінің» шырақшысындай болып отыр.

«Адам қартайған сайын көңілшек болады»-деген бәтуәлі байламның тасасында «жақсылар жақсымын деп айта алмайды...»-деген күдерін үзгізбейтін үмітті ойдың жататыны айғақ. Қалай болғанда да біріміз марапаттан кенде емеспіз. Екіншіміз атымыз аталғанға да тәуба дейміз. Десек те, кезең-кезеңімен топ жарғандарымызға таңдау түскенде әркімнің қабілеті мен талантын, жетістігі мен атқамінерлігін бағалауға бірінші кезекте басымдық берілетіні даусыз. Алайда, бүкіл қарапайым өмірін тек өзі туған жерінің, атамекен ауылының игілігіне арнаумен қартайған қарапайым ақсақалдарымыздың алдында тұтас бір дәуір немесе бір кезең тұрмағандығын, керісінше олар үшін болжаусыз жылдардың ғана қалғандығын ескеріп, әрқайсының әр салада табан аудармай тер төгіп, сіңірген еңбегін таразыға тартып, лайықты бағасын беруді ұмытпағанымыз абзал.

**Тұңғышбай МҰҚАН,**
**зейнеткер.**

# Хабарландыру

Ақтоғай ауданының Қоғамдық кеңесінің мүшелерін сайлау жөніндегі конкурс туралы Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Заңының негізінде және Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №69 қаулысымен бекітілген Қоғамдық кеңестер туралы үлгілік ережесіне сәйкес Ақтоғай ауданының Қоғамдық кеңесі мүшелерін сайлау бойынша конкурс жарияланады.

Қоғамдық кеңестің сандық құрамы – 11 адам, оның 2 – мемлекеттік органның өкілдері, 9 – коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, азаматтар. Конкурс коммерциялық емес ұйымдардың, азаматтардың арасында өткізіледі.

Конкурсқа қатысушылар «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңның 10-бабына сәйкес Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптарға жауап беруі тиіс.

**Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттар келесі құжаттарды ұсынады:**

1) кандидатураны Қоғамдық кеңестің құрамына ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы және (немесе) азаматтың өтініші (үлгісін аудандық мәслихат аппаратынан, 12- кабинет алуға болады);

2) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

3) өмірбаян деректері көрсетіле отырып, кандидаттың, кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;

4) сотталғандығының болуы не болмауы туралы анықтама;

5) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) болуы не болмауы туралы анықтама.

**Ақтоғай ауданының қоғамдық кеңесі мүшелерін сайлау бойынша конкурсқа құжаттар тапсыру мерзімі:**

2022 жылдың 18 ақпаннан 2022 жылдың 03 наурызға (қоса алғанда) дейін мына мекен-жайға жолдауларыңызды сұраймыз: 100200 Ақтоғай ауылы, Бөкейхан даңғылы, 4 үй «Ақтоғай ауданының мәслихат аппараты» ММ, №12 кабинет немесе aktogai_maslihat@mail.ru электронды мекен-жайға жолдаулары қажет. Байланыс телефоны: 8 (71037) 21610, 21766.

**Жұмыс тобы**

*Дін – бірліктің діңгегі*

# Қоғамдағы зайырлылық сана-сезім

Қазақстан Республикасы Ата заңының абсолютті нормаларының бірі – зайырлылық. Тәуелсіздікке қол жеткізген кезден діни еркіндікті паш етіп, тәу етіп, қабылдаған алғашқы заңдарымыздың бірі – ҚР «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы болатын. Аталмыш заңнамаға заман ағысына қарай бірнеше рет толықтырулар жасалғанды, ал 2011 жылы ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа заңы қабылданды. Яғни, қазақ елі – зайырлы мемлекетті орнықтыру үстінде. Оның ішінде зайырлылықтың қазақстандық үлгісінің негізін қалауға талпынуда.

Зайырлылық ұғымы "лаицизм – грек тіліндегі "лаикос"- халықтық, бұқаралық деген мағынаны білдірсе, француз тілінде "лаиците"- діни емес, яғни, "лаику"- зайырлы дегенді білдіреді. Бүгінгі қазақ тіліндегі "зайырлы", "зайырлылық" сөзі — "заһир", яғни, анық, ашық деген мағыналарды білдіретін араб тілінен енген сөз. Бұл сөзді алғаш рет өткен ғасырда Алаш қайраткерлері "Алаш мемлекетін" құруда өз заңнамаларында қолданды. Олар бұл сөзді ашық, нақтылық, адами, адамдық, өркениеттік, азаматтық деген мағыналарда қабылдады. Зайырлы мемлекет пен қоғам бұл – біздің тарихи таңдауымыз. «Зайырлылық» түсінігінің ауқымы кең. Қазіргі заманғы зайырлылық ең алдымен гуманистік құндылықтарды, соның ішінде адамның ар-ұждан және наным-сенім бостандығын еркін жүзеге асыруды қамтиды.

Зайырлылық діни дүниетаным мен құндылықтарды мойындамауды немесе олардың қоғам мен мемлекет өміріндегі рөлі мен маңызын кемсітуді білдірмейді. Зайырлылық – әр адамның дүниетанымдық еркіндігін құптай отырып, қоғамның рухани саласындағы ой-сананың көптүрлілігін мойындау. Ал зайырлы мемлекет осы көптүрліліктер арасындағы қарым-қатынастың құқықтық негіздерін қамтамасыз етеді.

Зайырлылық діни таным мен құндылықтарды мойындамауды немесе олардың қоғам мен мемлекет өміріндегі рөлі мен маңызын кемсітуді білдірмейді. Мемлекеттің зайырлы сипаты дінді теріске шығармайды. Яғни зайырлылық – әр адамның дүниетанымдық еркіндігін құптай отырып, қоғамның рухани саласындағы ой-сананың көптүрлілігін мойындау болмақ. Ал зайырлы мемлекет осы көптүрліліктер арасындағы қарым-қатынастың құқықтық негіздерін қамтамасыз етпек. Зайырлы дүниетанымның қалыптасуында позитивті білімдер жүйесі маңызды рөл атқарып келеді. Алайда, ғылыми таным зайырлы дүниетанымның маңызды элементі болғанымен, оның мазмұнын толық қамтымақ емес.

«Зайырлылық» ұстанымы – қоғамның кез-келген мүшесіне, оның діні, тегі, нәсіліне қарамастан, әр адамның қандай да бір дінге сену, сенбеу мәселесіне араласпайтын ұстаным. Яғни, бұл ұстаным адамның ар-ұжданының моральдық болмысының еркіндігіне мүмкіндік беретін, мемлекет азаматтарының арасындағы қарым-қатынасты тек құқықтық негізде шешуді қамтамасыз ететін республикалық басқару жүйесінің ең басты тетігі. Жалпы, зайырлылық туралы анықтамалар көп. Солардың ішінде түсінуге жеңіл кейбір сөздіктердегі «зайырлылық» ұстанымына назар аударайық: бұған «барлық діндерге бейтарап қарайтын, діни басшылықтан тәуелсіз және кез-келген теологиялық қағидалар мен нормалардан азат болып табылатын мемлекеттің белгісі» ретінде анықтама берілген. Осы анықтама зайырлы мемлекетті нақтылай түседі. Неге барлық діндерге бейтарап қарайды? Себебі діндер көп, ал Құдай түсінігі бір. Адамдардың Құдай түсінігі ортақ болғанмен олардың Құдай туралы танымы, сенімі, сезімі, құлшылығы, оның мына әлеммен қатынасы, яғни дүниетанымы, ақырет туралы сенімдері де әртүрлі.

Зайырлылық мемлекет пен діннің бір бірінен бөлінуі, мемлекеттің әлеуметтік, саяси, және құқықтық негізгі жүйесінің аз да болса діни қағидаларға сүйенбеуін білдіреді. Осы анықтамаға қарап отырып, зайырлылықтың мемлекет болмысына қатысты қағида, ұғым екендігін көруге болады. Сонда байқасаңыз, дінді бөлетін, діни негізге сүйенбейтін, діндерге тең, тарапсыз қарайтын жеке тұлға емес, мемлекет екен.

**Ж.Райымбеков ,**
**Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімінің бас маманы, аудандық дін мәселелері бойынша ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі.**

## Еске алу



Асқар тау әке, асыл жар, немерелерінің сүйікті атасы **Қасымов Серікбайдың** дүниеден озғанына 40 күн болады. Марқұм әкеміздің о дүниеден алдынан жарылқап, орны жәннаттың төрінде болсын деп аруағына дұға бағыштаймыз. Оның жарқын бейнесі, ортамызда жүргендегі ақыл-ойы, парасатты іс-қимылы көз алдымызда. Өмірдің сан қилы белесін басынан өткерсе де қажырымен жеңіп, өз ұстанымымен лайықты еңбек етіп, қарапайымдылықтың тірлігімен өмір кешті. Білімге құштар, өз жан-дүниесін байытып жүретін руханиятқа жаны жақын адам еді. Алладан рахым, пайғамбардан шапағат тілеп, қабірі нұрға толсын демекпіз.

Есіне алып туған ел, жақындарың,
Ұл мен қызың, сағынды асыл жарың.
Иманыңмен жәннаттан төр бұйырып,
Торқа болсын, жан әке, топырағың.

**Еске алушылар: жұбайы – Мариям, балалары, немерелері.**

*Қырық күндік асы 26 ақпан күні сағат 13.00-де Ақтоғай ауылының мешітінде, 27 ақпан күні сағат 15.00-де Қарағанды қаласы «Түркістан» мейрамханасында беріледі.*

## Еске алу



Ақтоғай ауылының тумасы, аяулы жар, асыл ана **Нурмағанбетова Жанат Елубайқызы** егер тірі болғанда, 19 ақпан күні 70 жасқа толған мерейтойын тойлайтын едік. Амал қанша, қол жазып дұға жасағаннан басқа қолдан келер шара жоқ. Бар жан жылуы мен жүрек қуатын жанұяның шаттығына, балалардың бақытына сарп еткен аяулы да асыл жанды жанымыз құлазып, сағынудамыз.

Жанат аудан мектептерінде мұғалім, аудандық оқу бөлімінде инспектор, Жезқазған қаласындағы облыстық кәсіптік білім беру басқармасында лауазымды қызмет жасап, халқына қалтқысыз еңбек етті. Зейнетке Жезқазған қаласының облыстық ішкі істер басқармасының секретариат басшысы лауазымымен әділет подполковнигі шенімен шықты. Алланың пендесінің пешенесіне жазған жазуы осы шығар. Бар дұға-тілегімізді арнап Алла марқұмның о дүниеде жүзін иман нұрымен нұрландырып, жанын жәннаттан етіп, пайғамбарымыздың шапағатына бөленсе екен дейміз.

Бақилыққа кеттіңіз қадам аттап,
Мұңлы ойлар кетеді ойда қаптап.
Жүзіңізді нұр тұнған ұмытпаймыз,
Жүреміз ғой қашанда есте сақтап.
Сағынамыз еске алып қашанда,
Дауа бар ма бұл фәниде ажалға.
Дұға жолдап Алладан тек сұраймыз,
Шалқысын деп рух-шәріпің жұмақта

**Еске алушылар: жолдасы – Әбдіғалым, балалары, бауырлары.**

## Еске алу



Ақтоғай ауылының тұрғыны, бірімізге адал жар, бірімізге ардақты әке, мейірімді ата бола білген **Шойымбаев Болаттың** қайтыс болғанына екі жылдай уақыт болыпты. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген. Егер ортамызда болса, бүгінде зейнеткерлік 63 жасқа келер еді.

Әке, біздің жүрегімізден ойып орын алған қамқорлығыңыз, көз алдымыздан кетпейтін жарқын бейнеңіз жаңғырып, санамызда тұр. Іздейміз, сағынамыз... Әттең, амал не, қасымызда жоқсыз. Тағдыр бізді осылай сынаған болар. Жабығып, жанымыздан мәңгілікке кеткеніңізді білсек те, әр іс-әрекетіңіз бен сөзіңіз бүгінгідей жадымызда мәңгі сақталады.

Әкеміздің жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын. Алла жар болып соңында қалған ұрпағына, отбасына берекелі ғұмыр берсін деп дұға бағыштаймыз.

Тағдырдың шара бар ма дегеніне,
Келе алмай кете бардың кемеліңе.
Немерең дұға қылып қол жаяды,
Сене алмай енді қайтып келмесіңе.

**Еске алушылар: жұбайы – Рымкүл, балалары және немерелері – Аяулым, Әмір, Мансұр, Әлима.**

**Амиргалина Загия** 2021 жылдың 18 шілдесінде қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды.

Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ержанов көшесінде орналасқан № 1 үй мекен-жайы бойынша, Ақтоғай ауданының нотариусы Ежебаев Мейрамбек Абикенулына хабарласуына болады.

## Тіл тағдыры – ұлт тағдыры

# Үш тұғырлы тіл

«Тілім менің тірлігімнің айғағы,
Тіл арқылы айтылар сыр ойдағы» дегендей, өсіп келе жатқан ұл-қыздарымыз саналы тәрбие мен сапалы білім алсын десек, ең алдымен өзіміздің тілімізді, ділімізді құрметтеп жаңғырту қажет.

Тіл мәселесі – өміріміздегі үлкен рухани қозғалыс, рухани тербеліс. Осыған орай, латын қарпіне көшу қолға алынуда. Бұл қаріптің бізге берер пайдасы мол. Ана тіліміз көлеңкеде қалып қоймай, төрден орын алып, қалған тілдерді өзінің айналасына жайғастыру керек. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дегендей, үш тілді қатар алып жүру заманы туды. Бұл қоғамның көшіне ілесем десең, заман ағымына қарай өзгеру керек дегенді білдіреді. Ағылшын тілін игеру деген тек қана Қазақстанда емес, әлемнің барлық түкпір-түкпірінде орын алып жатыр. Яғни, болашағынан үміт күтетін мемлекеттерде екінші тілге айналды.

«Жеті түрлі білім біл, жеті жұрттың тілін біл» демекші, тіл білген адамның көкжиегі кеңейеді, ойлау өрісі дамиды, қарым-қатынас жасау шекарасы ұлғаяды. Психолингвистикалық тұрғыдан алып қарайтын болсақ, шет тілін үйрену, бұл ана тілінің базасында жүзеге асады. Өкінішке орай, бізде өз ана тілінде сөйлей алмайтындар жетіп артылады. Осындай жайттар орын алмас үшін мемлекеттік тілдің статусын өз дәрежесінде, өз деңгейінде ұстауымыз керек. Бірінші кезекте біз үш тұғырлы тіл дегеннің мән-мағынасын түсінуіміз қажет, яғни мұндайды тіл тең жағдайда болғанда ғана айтады. Себебі, тіл білімінде тілдердің тоғысуы деген процесс бар. Ол ертең субстатқа әкеліп соғады. Бұл дегеніміз не? Қоғамда әлді тіл әлсіз тілді қолданыстан ығыстырып жібереді. Бұл да бір себептің айғағы. Яғни, тілдерді қатар қойып, тең құқық беруге және бір-бірімен бәсекелестіруге болмайды. Мемлекеттік тіл әрқашанда бірінші сатыда тұруы керек. Өйткені, Ата Заңда анық көрсетілгендей, мемлекеттік тіл барша қазақстандықтарға міндетті. Ал, қалған тілдер екінші қатардан орын алуы тиіс. Ең алдымен, қазақтың біртұтас ұлт ретінде, бір тілді қауымдастықты құрап, тілдік біртектілікке қолжеткізуге тұтас елдің ішкі бірлігіне, нығаюына мемлекеттік тілдің шын мәніндегі қазақстандықтардың басын біріктіруші факторға айналуына негізін қалайтынын түсінетін уақыт жетті. Міне, сондықтан, қазақтар да, өзге этнос өкілдері де осы елдің көркеюін шын мәнінде ойласа, ең алдымен қазақ тілін оқып, мемлекеттік тілдің төңірегіне топтасу керек.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында бірінші кезекте латын графикасы мәселесі көтерілді. Біз латын графикасына көшу арқылы қазақ тілінің қолданысын арттырамыз, өрісін кеңейтеміз, қазақ тілін жаңа белеске шығарамыз. Сондықтан, бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығара отырып мұны іске асыруға атсалысуымыз керек.

Латын графикасы не үшін қажет? Бірінші кезекте, шетелдердегі қазақтармен белгілі бір рухани байланыс орнату үшін, себебі олар кириллицаны білмейді. Екіншіден, түркі тектес халықтармен бір тілдік интеграция орнату аса қажет, өйткені мәдениетіміз бір, тіліміз бір, заңдылығымыз бір деген сияқты. Үшіншіден, қазақ тіліне тән спецификалық дыбыстарды таңбалаудың ұтымды жақтары көп болмақ. Яғни, болашағымызды бесіктен бастап, саналы тәрбие мен сапалы білім беру, білім қанатымен су себу біздің парызымыз болып есептеледі. Тілдік қолданысымызды көркейту тағы да біздің міндетімізге саяды.

**Айнұр Бөгенбаева,**
**Ақтоғай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы.**

## Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауданы, Нұркен ауылының тұрғыны, құрметті асқар таудай әкеміз **Исатаев Ералы!**

Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге мол қажыр-қайрат, зор денсаулық, бақ-береке тілейміз. Бақытты ғұмыр кешіп, әрдайым балаларыңыздың, немере, шөберелеріңіздің қызығын көріп, ортамызда ойнап-күліп, қартаймай жүре беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс арасында абыройыңыз артып, анамыз екеуіңіз жүздеріңізден күлкі кетпей, 100 жасап, бақытты ғұмыр кешулеріңізге тілектеспіз!

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз,
Алпыстың асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.
Мереке күн нұрға толы жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,
Бала- шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

**Ақ тілекпен: жұбайыңыз-Нұрбала, апасы-Тұрымтай, Бақыт, балаларыңыз Ербұлан, Руслан-Мөлдір, Айбар-Динара, Нұралы, немерелеріңіз-Нұрсәт, Аян.**

## Жемқорлық–жегі құрт

# Жемқорлықтың тамырына балта шабу керек

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Жиында қоғамның түрлі саласында тамырын терең жайған бұл дертпен күресудің және жемқорлықтан ада қоғам қалыптастырудың алғышарттары аталып, нақты тапсырмалар берілді. Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін атап өтті. Оның пікірінше, заң үстемдігін орнатып, нағыз мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек.

Президент халық арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізуді күшейтуге шақырды. Бүкіл қоғамды жемқорлықпен күресуге жұмылдыру қажет. «Жемқорлық – індет, онымен күресу – міндет» қағидатын баршаның санасына сіңіру бүкіл мемлекеттік органның ортақ жұмысы болуға тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, мемлекеттік аппаратта жобалық басқару қағидаттарын енгізуді жалғастыру маңызды. Барлық мемлекеттік орган жұмыстың жаңа форматына белсенді кірісіп, оларды іс жүзінде қолдануы керек.

Жалпы әкімшілік тәсілдерден бас тартып, басқарудың заманауи технологияларына жан-жақты бет бұру қажет. Мемлекеттік қызмет жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік қызметтің іс жүзінде сервистік және тұтынушыға қолайлы болуы үшін мемлекеттік қызмет жүйесін қайта құруы керек, - деді Президент.

Кадр мәселесінде адамның моральдық тұрғыдан таза болуы керек екеніне баса мән берілгенін қалаймын. Оның сыбайлас жемқорлыққа қандай да бір қатысы бар деген сыбыс мүлде болмауы қажет. Кейде қарайсың, оқисың, әкімдер әлдебір мемлекеттік сатып алуларды қайталайды, бір қызметтен екінші қызметке ауысады. Мұны жұртшылық ауыр қабылдайды. Барлық мемлекеттік орган және жұртшылық әрдайым бірге күш жұмылдыра отырып, сыбайлас жемқорлықпен күресуге және өскелең ұрпақтың тәрбиесіне атсалысуға тиіс.

Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары лауазымды тұлғаларды тағайындаған кезде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қорытынды анықтамасын міндетті түрде талап ету қажеттігін айтты.

**Л.Рысмағанбетова,**
**Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының бас маманы – бас қазынашысы.**

## Құттықтаймыз!



Құрметті де қадірлі сыныптасымыз **Түсіпбеков Инабат Ғаділшаұлы!**

Сені 50 жасқа толған мерейтойыңмен шын жүректен құттықтаймыз!

50 жас – адамның кемеліне келіп, алдыңғы толқын ағаларының ізін басып, кейінгі толқын інілері құрмет көрсетіп, ілтипат танытатын, ұл-қыз өсіріп, құда-жекжатты болып, немере сүйіп, өрісі кеңейіп, өркені өсетін беделді кезеңі. Осындай мерейлі жасқа келген өзің ауданның өрт сөндіру және төтенше жағдай бөлімінде ұзақ жыл қызмет етіп, еңбек жолында да талай белеске шығып, тұғырыңнан таймай, ел-жұртыңның құрметіне бөленіп келесің. Әлі де талай асуларды табандылықпен алып, келер қиындықтарды қажырлықпен жеңіп, алға қойған арман-мақсаттарыңа сүрінбей жете бер демекпіз. Өзіңе және отбасыңа зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілей отырып, бала-шағаңның қызығын жан жарың Гүлмирамен бірге көруіңе тілектеспіз.

50 жасқа бүгін кеп шаттанасың,
Әлі талай шыңдардан бақ табасың.
Шын жүректен бәріміз құттықтаймыз,
Көш-керуенің ешқашан тоқтамасын!

**Игі тілекпен: сыныптастарың – Ғибрат-Панар, Марлен-Бота, Сана-Қарлығаш, Самат-Сәуле, Сембек-Қорлан, Амантай-Жанар, Ерболат-Алмагүл.**

## Құттықтаймыз!



Құрметті **Күржібаев Нұркелді Амангелдіұлы!**

Қырықтың қырына шығып, қамал алатын 40 жасқа келген туған күніңіз құтты болсын! Сіз талап пен жігер жетелеген өмір өрісінде өзгелерден озып даралындыңыз. Бастаған істеріңіздің қашанда оңға бастауына, әр қадамыңыздың қарымды болуына, ел алдында абыройыңыздың арта беруіне тілектеспіз. Аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, отбасыңыз берекелі, күндеріңіз мерекелі болсын!

Беу, досым, құтты болсын қырығыңыз,
Қырықтың бақшасында қыдырыңыз.
Берері аз болмасын бес күн жалған,
Алқызыл гүлдей болсын ғұмырыңыз.
Елу мен алпыста да нар болғайсың,
Жетпіс пен сексенде де бар болғайсың.
Тоқсанның төбесіне шыққан шақта,
Немере-шөберелі шал болғайсың.

**Игі тілекпен: Руслан-Саламат, Азамат-Ақнұр, Руслан-Жеңіс, Қуанышбек-Айзат, Еркін-Индира, Нұркелді-Шакизат, Азамат-Қарлығаш, Қанағат, Бекзат-Назым, Саят-Гүлмира.**

## Ақтоғай ауылы тұрғындарының назарына!

«Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану мен дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында Ақтоғай ауылында ағымдағы жылдың сәуір-маусым айлары аралығында тегін ағылшын курсы оқытылатын болады.

Ағылшын курсын оқуға ниет білдірген ересек тұрғындар болса, Ақтоғай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне хабарласыңыздар.

Анықтама телефондары **2-16-29** немесе **87014891939** нөміріне хабарласып біле аласыздар.

**«Ақтоғай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ**

**Құрылтайшы:** ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА
**Директор-Бас редактор:** Г.ЕЛЕУСИЗОВА
**Меншік иесі:** "Ақтоғай ажары"газеті редакциясы ЖШС
**Тіркеу куәлігі:** №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қантарында берілген)
Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы Думан ҚАБЫЛ
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арко» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй
Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.
Таралымы 1200 дана

**Мекен-жайымыз:** 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.
**Телефондар:** редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39





Электрондық пошта aktogai_red @mail.ru
Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.